


# ТҰРАР ТУРАЛЫ ТҰРЛАУЛЫ ТУЫНДЫ

**Үстіміздегі жылы ұлтымыздың ардақты ұлдары, сталиндік репрессияның құрбандары Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Лияс Жансүгіровтің, Сұлтанбек Қожановтың, Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл толуына орай есімдері ардақталып, еңбектері жан-жақты насихатталып, ұлт тарихындағы алар орны ұлықталып жатқаны белгілі. Солардың қатарында Тұрар Рысқұлов есімін де ерекше атауға тиіспіз.**

Халқымыздың ардақты ұлы, қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов туралы аз жазылған жоқ. Ұлтына, бүтін түркі дүниесіне сіңірген еңбегі, ұлы тұлғаның тарихи, көркем бейнесі ел санасында жатталғаны анық. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде тың тарихи деректер мен құжаттар негізінде тұрартауды тың мәліметтермен толықтырып, оның азаматтық болмысын, саяси келбетін, қайраткерлік жолын іңдетте зерттеп, ақтаңдақ беттерін айқындауға үлес қосып жүрген зерттеушілер қарасы да аз емес. Солардың бірі журналист, жазушы – Көлбай Адырбекұлы. К. Адырбекұлының ұлтымыздың ұлы тұлғаларының (Е.Бекмаханов, Ә.Бүркітбаев, Д.Қонаев, А.Асқаров, Т.Тәжібаев, Ә.Жолдасбеков, Т.Қожакеев және т.б.) қилы тағдырын арқау еткен туындылары, кешегі Желтоқсан оқиғасының шындығын, ақиқатын танытудағы қаламгерлік ізденістері, қоғамның өзекті мәселелерін арқау еткен публицистикалық жарияланымдары оқырман жадында. Ұзақ жылдар бойы баспасөз саласында еңбек етіп келе жатқан ізденімпаз журналистің халқымыздың аяулы ұлы, ұлтжанды азаматы Тұрар Рысқұлов хақында көп жылғы ізденістің нәтижесінде «Алты алаштың ардақтысы» атты тарихи-танымдық кітабы жарық көрді. Кітапқа ұлттық тұлға Тұрар Рысқұловтың өмірі мен еңбегі, азаматтық ұстанымы, ұлтқа сіңірген қызметтері арқау болған. Кітапта Тұрардай тұлғаның адами, саяси һәм қайраткерлік болмысын нақты құжаттар мен деректерді ұсына отырып, алаш ардақтысының ұлтқа қызмет етудегі өнегелі ісін, өрелі ойын еш боямасыз көрсете алған.

Рысқұловтың өзіне жүктелген іске жауапкершілікпен қарап, ұлт ісінің көкейкесті мәселелерін шешуде атамгершілікті ту етіп, ақиқатты тұғыр ететінін автор нақты дәлелдермен айғақтап береді. Әсіресе, Тұрардың ұлт



Көлбай АДЫРБЕКҰЛЫ

## АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРАДАҚТЫСЫ

мәселесіне келгенде аса талапшыл екенін жете айқындауға тырысқан. Мәселен, ұлт тағдыры талқыға түсетін мәселелерге кездейсоқ адамдардың араласпауын, нақтырақ айтқанда, 1919 жылдың 29 қыркүйегінде ТүркАткомның мүшелері жаңартылған кезде құрамына шовинистік пиғылдағылардың мүшелікке алынуына үзілді-кесілді қарсы болғанын, ұлтқа шынайы қызмет етуде қатаң талап қоюын қайсарлыққа да, ұлтқа деген қамқорлыққа да санауға болар. Осындай жайттар кітап авторының назарынан тыс қалмай, тереңнен қозғалып, егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Рысқұловтың реформаторлығы мен қайраткерлігі, ұйымдастырушылығы мен ұлтқа аянбай жасаған қызметі жан-жақты баяндалған. Әсіресе, Меркідегі жастар ұйымын құрудағы, Әулиатадағы уездік кеңеске төрағалық жасаған тұстағы, Ташкентте құрылған Мұсылмандар бюросындағы басшылықта болған сәттегі, кейінірек Ресей Халық Комиссарлары қызметіндегі белсенділігі, ұлтжандылығы, табандылығы т.б. кітапта тарихи нақтылықпен, танымдық зерделілікпен жан-жақты қамтылған.

Сондай-ақ, Тұрардың аштық қасіретін тартқан халқына қамқорлығы, қалтқысыз қызметі кітапта кеңірек баяндалған. Т.Рысқұловтың жетекшілігімен Әулиеата қаласы маңында қоғамдық тамақтандыру орындары ұйымдастырылып, онда

20 мың адамға дейін қамтылғаны айтылған. Уездік кеңестегі қызметін тиімді пайдаланып, негізгі күш-жігерді аштықтың азабын жеңілдетуге, жергілікті тұрғындардың жағдайын жақсартуға табанды түрде күрес жүргізіп, бар күш-жігерін жұмсауға мәжбүр болды. Ішкі қорларды өз орнымен, үнеммен, тиісінше пайдалана отырып, халықтың өмірін сақтап қалуға, аштықпен жүйелі түрде күресуге уақытын сарп еткен. Өткен ғасырдың алғашқы ширегі тарихи-әлеуметтік жағдайдың қиындап, тұрмыстың қай саласы болсын тұралап, халықтың жағдайы ушығып тұрған алмағайып заман еді. Қиын сәттерде халқының қасынан табыла білген ұлт қамқоршысы қай салада болмасын, өзінің қарым-қабілетін, қымбат уақытын ұлтының ең зәру, көкейкесті мәселелеріне жұмсай білді. Мәселен, сауатсыздықпен күресті ұйымдастыру, мәдени-ағарту саласын жолға қою, елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын қалыптастыру, жергілікті билікке, халыққа аса қажетті мерзімдік басылымдардың таралуын қамтамасыз ету, тіпті іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге, кітаптың, баспасөздің ұлт тілінде шығып, таралуына дейін бақылауына алған. Біртұтас түркі дүниесіне, оның болашағына алаңдап, әрбір мәселені қадағалаған. Бұл айтылғанның бәрі аталмыш кітапта тиісті құжаттармен дәлелденген, қағаберісте қалған, еленбей келген тұстарына ғылыми ортаның көңілін аударып, алғаш рет көпшіліктің назарына ұсынған.

Көлбай Адырбекұлы бұл кітабында өзіндік ізденістерімен қатар, өзге де ғалымдардың, зерттеушілердің, журналистердің басылым беттерінде жарияланған мақала, сұқбаттарына арнайы тоқталып, шолу жасап, өз ойын нақтылай түсу үшін, анықтау, айқындау мақсатында дәлел-дәйектер келтіріп, дерекпен нақтылап, кей тұстарынан үзінді, сілтемелер алып, мазмұнының шынайылығына, мәліметтерінің сенімділігіне көңіл аударып отырады.

Автор Т. Рысқұловтың Мұсылман бюросындағы, кейінірек Совнарком төрағасының орынбасары кезеңіндегі ұлт мәселесіне қатысты атқарған ұшан-теңіз еңбегіне, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, ашаршылық кезінде жасаған батыл қадамдарына, отаршылдық саясатқа қарсы істеріне де айрықша мән беріп, ұлт үшін туған нағыз ер екенін зерделейді. Әр жылдары Тұрар Рысқұловтың ұлт жөніндегі идеясын бұрмалап, алаш-ордалықтармен қарым-қатынасына сызат

түсіруге тырысқан мәселелердің бой көрсеткеніне ерекше назар аударып, түрлі жала мен нақақ қаралауларға табанды түрде қарсы шығып, дәйекті түрде арашалайды.

Сонымен қатар кітапта автордың Молдияр Серікбаев, Мамытбек Қалдыбаев сынды ғалымдармен, жазушылармен сұқбаттары берілген. Тұрартаушылармен сұқбаттары барысында Рысқұловтың азаматтық тұлғасы, елі үшін жасаған қызметтері айқындала түседі. Сұқбаттарынан, көзқарастарынан Тұрар Рысқұловты алаштың ардақты азаматы екенін тану, таныту мәселесі айқын аңғарылатын ұстанымдары, шын мәнінде құрметтеуге лайық. Автор да сыр-сұқбат иелерінің қажырлы еңбегін, тұрартаудағы еселі еңбегін жоғары бағалап, ақыл жинаған асыл азаматтар деп дәріптейді.

Журналист-қаламгер К. Адырбекұлының «Алты алаштың ардақтысы» атты ғылыми орта мен көпшілік оқырманға арналған тарихи-танымдық кітабы тағдырынан халық тағдырын жоғары қойған қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың адами қасиеттерін, азаматтық болмысын, мұқалмас рухын, қажыр-қайратын, ұлт алдындағы ұлы істерін шебер жеткізе білген, тұлғатанудағы, деректанудағы тұрлаулы еңбек ретінде маңызы зор.

Кітап авторы Көлбай Адырбекұлы: «Тұрар Рысқұлов туралы ғылыми-зерттеу материалдар аз жазылған жоқ. Алайда оның бар болмысы, қоғамдық-мемлекеттік қайраткерлігі тұтас ашылды ма? Иә, деп біржақты айту қиын. Ол қыры мен сыры көп, артында қалдырған мұрасы мол, күрделі тұлға. Рысқұловтың тағдыр-талайына үңілген сайын, әлі де иіні қанбаған, ғылыми бағасы берілмеген істерінің көмескі тұстары аз кездеспейді», – деп жазады. Ендеше, ұлы тұлғаның ашылмаған қыры, айтылмаған сыры алдағы уақытта да айтыла бермек, айқындала бермек. Алаш ардақтыларының тәуелсіз ел болу, ұлттық болмысты сақтау, тілімізді дәріптеуге сіңірген үлестері мәңгілік халық жадында сақтала бермек. Алаштың әр ардақтысы ұмытылмайды, алты алаштың ардақтысы атанған Тұрардай тұлғаны тарих ұмыттырмайды.

**Шоқан ШОРТАНБАЕВ,**  
қазақ әдебиеті және  
әдебиет теориясы кафедрасының  
аға оқытушысы,

**Лаура ШАХАМАНОВА,**  
3 курс студенті

**Формирование молодого поколения происходит сегодня в условиях быстро меняющегося мира. Использование многофункциональных возможностей компьютерной техники при подготовке молодых специалистов делает образовательный процесс в вузе интересным и доступным.**

## «ТЕХНОЛОГИЯ БЛОКЧЕЙНА» ПРИ ОБУЧЕНИИ

К примеру, цепь Блокчейн может хранить данные о транзакциях и о том, кто, кому и в каком объеме перевел деньги. Транзакция – банковская операция по переводу денежных средств для какой-либо цели. Применительно к криптовалюте, Блокчейн является оплотом финансовой мощи Биткойна.

Выпускники университета, изучающие этот курс, должны освоить основные понятия Блокчейн на базе компьютерной подготовки. Широта использования полученных знаний и практических навыков в высшей школе охватывает практически все сферы профессиональной деятельности будущего специалиста. Изучение темы обусловлено высокими темпами роста парка персональных компьютеров, применяемых в самых разных сферах деятельности.

В Казахстане создано несколько консорциумов, где многие национальные банки обсуждают правила взаимодействия. Блокчейн позволяет иметь первоисточник данных тех или иных изменений в жизни человека. Где учился, какие налоги платил, когда переходил на работу, какие штрафы

выписывались, история болезни и многое другое. Эти данные будут храниться в сети по принципу torrentов, но в легитимном поле. Блокчейн олицетворяет прозрачность государственных сделок, невозможность скрыть или изменить информацию. Кто будет иметь доступ к этим данным? Какая сфера будет внедрять эту технологию? У той будет доступ.

АО «Каззахтелеком» изучает технологию blockchain как новый вид услуг. Технология может быть применена как для улучшения бизнес среды, так и деятельности бизнеса. Технология blockchain даст возможность существенно избавиться от бюрократических проблем в работе государственных органов. Это связано с тем, что blockchain имеет функцию хранить в своей электронной базе данных всю информацию о каждом элементе сети.

Задача заключается в том, чтобы подготовить высококвалифицированных специалистов, которые уверенно могут ориентироваться в современных условиях стремительного развития информационных технологий.

Научная библиотека вошла в историю веб-сайтов Казахстана как одна из первых разместивших свой электронный

каталог в Интернете. Помимо большого количества бумажных книг есть отдельный зал с электронными книгами, что расширяет возможности студентов. А также специальный зал, обустроенный компьютерами, где студенты в свободное время могут позаниматься.

В КазНУ активно реализуется научно-инновационный проект «Al-Farabi university smart city», в основе которого лежит учение великого мыслителя аль-Фараби об идеальном городе. Реализация новой модели университета позволит на основе синергизма технологических и духовно-нравственных концептов продемонстрировать инновационные подходы к развитию современного общества.

«Умные университеты – залог создания интеллектуальной нации, основа Smart-городов нашей страны, которые в итоге создадут Smart-Казахстан»

**Т. ХАКИМОВА,**  
**Н. БАЙМУЛДИНА,**  
доценты кафедры информатики

**«Дінтану» мамандығының 20 жылдығына арналған «Дінтанудың қазіргі жағдайы мен оның даму перспективалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті**